

# **І.Есенберлин атындағы №15 орта мектебі**

## **Қамқоршылық кеңес отырысының №II хаттамасы**

Ақтөбе қаласы

27.10.2023ж

**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы ата-аналар, қоғамдық өкілдер.

### **Күн тәртібінде:**

1. Біртұтас тәрбие бағдарламасы және Ата аналар педагогикалық қолдау орталығының ұйымдастырылуы туралы.

Хабарламашы директордың ТІЖ орынбасары Карагулова С.

2. Жұмыспен қамту сапасы 9,11 кластар.

Хабарламашы директордың ТІЖ орынбасары Карагулова С.

3. Оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарын ұйымдастыру мәселелері.

Хабарламашы директордың ТІЖ орынбасары Карагулова С.

4. Әртүрлі мәселелер.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары С.Карагулова сөз бастады: Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін нақты атап өтті.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйырығына, Ақтөбе қаласы білім басқармасының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №294 бұйырығына сәйкес бұйрық негізінде білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған іске асыру кешенді жоспар бекітілді. **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

2023-2024 оқу жылы тәрбие жұмысы келесідей 3 құндылықпен тәрбие жұмысын жүргізетін боламыз. Ол құндылықтың негізгі бағыттарды 8 бағыт яғни, рухани-танымдық тәрбие; құқықтық тәрбие; экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру оған қоса «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер», Оқуға құштар сынды жоба жұмыстары кіріктірілген 3 құндылыққа шоғырланған жоспарлы жұмыстар қолға алынды.

Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табу қажет. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.